

**"Бридас" компаниясынан "Қазақгаз" МХК және "Алаугаз" АҚ газ-көлік жүйесі концессиясы шартын жасау жөнінде эксклюзивті келіссөздер жүргізу құқығын қайтып алу туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1997 жылғы 21 сәуір N 108-ө "Бридас" (Аргентина) компаниясының өзінің табыс еткен "Қазақгаз" МХК және "Алаугаз" АҚ газ-көлік жүйесі концессиясы шарты жобасын Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1997 жылғы 25 ақпандағы N 42 өкімімен құрылған жұмыс тобының компанияның ұсынған тендерлік ұсыныстарының шарттарына сәйкес келтіру жөніндегі тапсырмасын орындамауына байланысты:

1. "Бридас" компаниясынан "Қазақгаз" МХК және "Алаугаз" АҚ газ-көлік жүйесі концессиясы шартын жасау жөнінде эксклюзивті келіссөздер жүргізу құқығы қайтып алынсын.

2. Жоғарыда аталған жұмыс тобына 1997 жылдың 25 мамырына дейін мерзімде "Қазақгаз" МХК және "Алаугаз" АҚ газ-көлік жүйесі концессиясы туралы шарттың талаптары бойынша "Бридас" компаниясын қоса алғанда, басқа үміткерлермен келіссөздер жүргізу ұсынылсын.

Премьер-Министр